

# XX ғасыр философиясы.

- жоспар:

- Классикалық емес философияның қалыптасуы.
- Жаңа рационализм.
- XIX-XX ғ. иррационализм.
- XX ғ. философиясындағы антропологиялық бағыт;
- XX ғ. діни философия.
- XX ғ. маркстік философия.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, классикалық философия дәстүрі әртүрлі сынға ұшырап, екі жарым мың жылдық тарихы бар философиялық мән мен таным мәселесінің орнына «өмір», жеке адам, құбылыс, психологиялық және т.б. мәселелерді қарастыру белең алды. Осы дәуірде классикалық неміс философиясын, әсіресе гегельдік философияны сынаудың екі бағыты көзге түсті:

- «сол жақтан сынау», материалистік философия өкілдері \_ Л.Фейербах, К.Маркс, Ф.Энгельс;


- «оң жақтан сынау», идеалистік «бейклассикалық» философия өкілдері;

Сонымен бірге «Кантқа қайта оралу, «Гегельге қайта оралу» деген ұранмен неокантшылдық, неогегельшілдік философиялық мектептер пайда бола бастады:

- **Неокантшылдық мектептер.** Марбург мектебі – Канттың таным теориясы, логика мәселелерімен айналысты. Бұл мектеп өкілдері – Герман Коген (1842-1918), Пауль Наторп (1854-1924), Эрнст Кассирер (1874-1945) 6 Ганс Файхингер (1852-1933);


- **Бадендік** (Фрейбургтік) мектеп- Канттың әлеуметтік философиясы мәселелерімен айналысты. Өкілдері- Вильгельм Виндельбанд (1858-1915), Генрих Риккерт (1863-1933);

- **Неогегельшілдер.** Немістер- Рихард Кронер (1884-1974), Г. Лассон (1862-1932); Италияндар- Бенедетто Кроче (1866-1952), Джованни Джентиле (1875-1944); ағылшын- «абсолюттік идеалист» Френсис Брэдли (1846-1924); американдық- Джон Ройс; француздар- Ж.Валь, А.Кожев, Ж. Ипполит болды.



XIX ғасырдың класикалық философиясының негізінде XX ғасыр класикалық емес философиясының қалыптасуы басталады. Ғылымның әдістемелік негіздері ерекше мәндермен айқындала бастайды.

# XX ғ. философиясының типологиясы



## Классикалық ғылым

## Класикалық емес ғылым

1. Зерттеу объектісі макроәлем
2. Атом бөлінбейді
3. Уақыт пен кеңістік абсолютті
4. Детерминизм принципі


1. Зерттеу объектісі микроәлем
2. Атом бөлшектенеді
3. Уақыт пен кеңістік салыстырмалы
4. Индетерминизм принципі

Классикалық емес философия.	Классикалық философия
1. Сана - адам мен әлемнің түпнегізі 2. Рационалдылық бәрінен жоғары	1. Сана – таным әдісі 2. Рационалдылықпен иррационалдылықтың ара қатынасы
3. Сциентизм философияның негізгі сипаты	3. Сциентизмнің антисциентизммен ара қатынасы.
4. Объект субъектіге үстем етеді	4. Субъект объектіге үстем Философиялық ілімдердің алун түрлігі


# Жаңа рационализм

XX ғасырдағы жаңа рационализм аналитикалық философиямен көрінеді. Ол XIX ғ. 30 жж. **ПОЗИТИВИЗММЕН** басталады. Негізін салушылар *О.Конт, Г.Спенсер және Д.С.Милль*. Философияның оқытатын негізгі пәні ғылым мәселесі болып табылды, ғылым табиғат пен қоғам заңдылықтарын зерттеді.





Позитивизмнің екінші кезеңінде **эмпириокритицизм** (тәжірибені сынға алу) тұрды. Бұл бағыт XIXғ. 70 жж. пайда болып кең таралды. Негізін салушылар австриялық философтар *Р.Авенариус және Э.Мах.* Позитивизм сияқты бұл философияның да оқытатын пәні ғылым және ғылыми біліммен зерттелетін сезімдер арасындағы байланыс болып табылды.



Позитивизмнің үшінші кезеңі ХХғ. 20жж. пайда болып **неопозитивизм** деп аталды. Оның пайда болуы ғылымның, әсіресе математика мен физиканың маңызы арта бастауымен байланысты. Позитивизм назарын ғылым тіліне, оның мазмұнының алатын орнына аударды. ХХғ. екінші жартысында маңызды әлеуметтік - мәдени феноменге айналды.


ХХғ.басындағы неопозитивизмнің негізін салушылар *Р.Карнап, М.Шлик, Л. Витгенштейн*, ағылшын философы және ойшылы *Б.Рассел* және т.б.

Неопозитивизмде 3 бағытты бөледі:

1. *Логикалық позитивизм* (Р.Карнап, т.б.);
2. *Лингвистикалық позитивизм* (Л.Витгенштейн);
3. *Жалпы семантика* (А.Кожибский, С.Чейз, т.б.).

Барлық үш бағытқа ортақ қасиет метафизикаға (онтология, дүниеге көзқарас мәселелеріне, адам және дүние мәселелеріне) теріс қатынастың болуы. Олар негізгі назарын ғылым мәселелеріне, қатаң математикалық білім түпнұсқасы бойынша құрылатын ғылыми философияға аударды.

Позитивизмнің төртінші кезеңі **ПОСТПОЗИТИВИЗМ** (К. Поппер, И. Лакатос, Т. Кун, П. Фейерабенд және т.б.). Карл Поппер- постпозитивизмнің (критикалық рационализм) негізін салушы- философия мен ғылымдар арасына демаркациялық сызық жүргізеді. Ол философия методологияның мәселелерімен кең шұғылдануы тиіс және метафизиканың өзінше бір реабилитациясын жүзеге асыруы керек деп есептейді. Ғылым методологиясын өндіруде ХХғ. Т. Кун, И. Лакатос, П, Фейерабенд маңызды орын алады. Олар ғылымның қоғам дамуында алатын орны мен ғылыми көтерілістердің мазмұны мен құрылымында алатын орнына назар аударды.



**XXғ. 60- 70 ж. постпозитивизм мен  
тіл мәселелерінің  
философиялық анализімен  
тығыз байланысты жаңа  
бағыттар құрылады -  
структурализм және  
герменевтика.**



Карл Леви – Стросс

**Структурализм** (К.Леви-Стросс, Ж.Лакан, М.Фуко, т.б.) философияның басты пәні – мәтін, философияның мақсаты жасырын базистік құрылымды табу. .



**Жак Деррида**  
(1930 – 2005 жж.)

**Герменевтика (Жак Деррида, В. Дильтей, М. Хайдеггер, Г. Гадамер, П. Рикер)**

**Зерттеу пәні - мәтін, оның міндеті түсініктеме беру, мәтіннің мәнін ашу. Демек философияның бұл бағыттары басты назарды тілге, философия мен ғылым тіліне аударады.**



**Ричард Рорти**  
(1931 - ...)

## Прагматизмнің өкілдері:



Прагматизм (грекше “прагма” – іс-әрекет, тәжірибе) XIX ғ. соңында АҚШ-та пайда болып, XX ғ. Америка философиясында жетекшіге айналып, дүние жүзіне кең таралды. Негізін салушылар *Ч.Пирс, У.Джемс, Дж. Дьюи.*

Прагматизм философияның негізгі мәселесі – ақиқи білім тек пайда әкелетін білім деп есептейді. Философияның басты пәні - жеке адам, тұлға. Қосқан үлесі - олар ақиқат пен пайда, пайдасыз бен пайда мәселесін қоя білген.



# XX ғасырдағы иррационализм

Иррационализм - - табиғатта, қоршаған дүниеде логикалық, қисынды байланысты жоққа шығарды. Иррационализм бағыттары:

- Өмір философиясы;
- Феноменология;
- Психоанализ.

## Феноменология

Э.Гуссерль (1859-1938жж.) феноменологияны мағынаның бейнеленуіне негізделген ғылым деп есептейді. Ол сананы (сознание) жалғыз ақиқат деп санайды.

**Освальд Шпенглер-** (29.05.1880-8.05.1936)- Нобель сыйлығының иегері, атақты екі шығарманың авторы:

- *Untergang des Abendlandes*- «Еуропаның құлдырауы»;
- *Jahre der Entscheidungen*- «Шешуші жылдар».

Шпенглер «Өмір философияның» негізгі идеялары:

- Органикалық өмір- бастапқы, ал бейорганикалық өмір-туынды;
- «Рух» - өмірдің ерекше қасиеті, акциденциясы;
- барлық тіршілік иелері екі формада өмір сүреді: өсімдіктер-уақытта, ал жануарлар- кеңістікте;
- кеңістік- алғы феномен, уақыт- бастапқы феномен (прафеномен);

- Синонимдер: уақыт- жан- тағдыр- өмір- ырғақ- такт- қарқын;
- өркениет дегеніміз- мәдениеттің қатаюы, ескіруі;
- морфология- мәдениет формалары туралы ілім.

О.Шпенглер әрбір мәдениет 1000-1200 жылда ауысып, түр өзгертіп тұрады дейді. Ол мынадай мәдениет циклдерін қарастырды:

мысыр- үнді- бабыл- қытай- апполондық (грек-римдік)-  
магия (византия-араб) – фаустық ( батыс еуропалық) –  
майя және орыс- сібір мәдениеті туындауы мүмкін.

**Анри Бергсон** (18.10.1859-4.01.1941)- француз философы. Нобель сыйлығының иегері, танымал шығармалары: «Материя және зерде», «Шығармашылық эволюция», «Ұзақтылық пен біруақыттылық», «Моральдің екі қайнар көзі» және т.б.

А.Бергсон «Өмір философиясының» негізгі идеялары:

- интуиция дегеніміз өмірдің өзін өзі тануы, өмірді өмір ретінде ұғыну;
- өмір- философия пәні, өмірдің мәні- интуиция;
- өмір, яғни ұзақтылық кеңістік емес, уақыттылық сипатта;
- уақыт дегеніміз ұзақтылық, адамның қайта оралмас өміріне ұласқан біртұтастық ағым.

Адам «Менінің» екі формасы және моральдің екі түрі:

- «Жабық жан» - өзінің тегін сақтау үшін адами тұлға ұжымға өмірін сарп етеді. Ақиқат дегеніміз пайда үшін құрбан болу;
- «Ашық жан» - тұлға мен құндылық, текті сақтау мүддесінен жоғары тұрады.

# Психоанализ


Өкілдері: *З.Фрейд, К.Юнг, А.Адлер*, т. б.

З.Фрейд (1856-1939 жж.) негізгі еңбектері “Мен және ол”, “Мәдениеттегі қанағаттанбаушылық” тб.


К.Юнг аналитикалық философияның негізін қалаған. К.Юнг атымен мінез, психика түрлерін бөлу-экстраверт (ашық тип) және интраверт (жабық тип), ойлаудың батыс және шығыс типтерімен салыстыру байланысты.



### 3.Фрейд бойынша тұлғаның құрылымы:



Фрейд 3 комплекс ашты: Эдип комплексі, инцесттер, кастрация.

- 
- Психоанализ ғылым позициясынан тұңғыш рет бейсаналықты зерттей бастады, адам өміріндегі бейсаналықтың рөліне назар аударды.
  - Жалпы иррационализм – ХХ ғасыр философиясындағы маңызды бағыт, тұңғыш рет танымдағы сезім, ерік, инстинкт, интуицияға көңіл аударды.


# XX ғ.антропологиялық философия

Философиялық  
антропология

*Макс Шеллер, Х.Плеснер,  
А.Гелен, т.б.*

ХІХғ.соңында қалыптасты.

Философиялық антропологияның барлық өкілдері адамды бүтіндей қарау қажеттілігін жақтайды.



**Макс Шеллер**  
(1874 –  
1928 гг.)

Экзистенциализм  
(өмір сүру философиясы)


*М.Хайдеггер, К.Ясперс, Ж-П.Сартр  
Г.Марсель, А.Камю, М.Бубер, т.б.*  
Батыс Европада ХХғ.30жж дамыды

Экзистенциализмнің басты категориялары-жауапкершілік, үрей, жалғыздық, жаттанушылық, ажал,



**Пьер Тейяр де Шарден**  
(1881 –  
1955 гг.)





Экзистенциализм – (лат., ex(s) istentia тіршілік ) адамның ақиқи, ішкітұлғалық болмысы, субъект пен объектінің тікелей біртұтастығы, субъектінің өзінің “дүниедегі болмысын” бастан кешіруі.

- **Негізін салған – дат ойшылы Серен Къеркегор. “Немесе-немесе”, “Үрей мен діріл”.**
- **Мартин Хайдеггер – неміс ойшылы. Еңбектері: “Болмыс және уақыт”.” Уақыт және болмыс”.**
- **Афоризмі “Тіл-болмыстың үйі”.**

# Экзистенциализм




**Мартин  
Хайдеггер**  
(1880 – 1976 гг.)



**Карл  
Ясперс**  
(1883 – 1969 гг.)



**Жан Поль Сартр**  
(1905 – 1980 гг.)



**Карл Ясперс –неміс ойшылы,  
психиатр. Негізгі еңбектері:**

**“Жалпы психология”, “Тарих тағлымы”  
тб. Негізі ұғымдары: “коммуникация”,  
“діңгектік ауқыт” ұғымын енгізді.**

**Жан-Поль Сартр – француз ойшылы,  
жазушысы, атеистік  
экзистенциализмнің негізін салушы.  
Басты еңбектері: “Болмыс және  
ештеме”, “Экзистенциализм – ол  
гуманизм”” Елестету” және тб.**




Альбер Камю – француз ойшылы, жазушы, публицист., Нобель сыйлығының иегері.

**Еңбектері – “Бөгде”, “Сизиф туралы аңыз”, “Індет”, “Бүлікшіл адам” тб. Басты мәселесі – өмір мәні мәселесі, шын мәнінде адам өмірі мағынасыз, мәнсіз. Адам өмірі- абсурд. Өмір алдында – ештеме, ажал, өлім тұр. Тек өлім табалдырығындағы адам бұл дүниеде өзін еркін, тыныш және бақытты сезінеді.**

**М.Хайдеггер мен Жан-Поль Сартрдың еңбектерін талдай келе адам болмысының түрлерін төмендегідей көрсетуге болады.**

## **Адам болмысы**



# XX ғ. діни философия

XX ғ. діни философия 2 бағытта дамыды: батыс және шығыс философиясы.

Ең қуаттысы католиктік христианшылдық философиясы - **НЕОТОМИЗМ**.

Неотомизм XIX ғ. 70 жж. қалыптасты. Негізгі өкілдері - *Ж. Маритен, Этьен Жилсон, Г. Марсель, Пьер Тейлер де Шарден*, т.б.


Неотомизмде 2 бағытты ажыратады: дәстүрлі және жаңартылған. Жалпы неотомистер ғылымның дінді жоққа шығармайтынын дәлелдеуге тырысады, ғылым мен дін бірлікте болуы тиіс деп есептейді.

# XXҒ.Маркстік философия

Маркстік философия 2 бағытта дамыған:  
Шығыс - советтік және постсоветтік  
философия және Батыс - неомаркстік  
философия.

Батыстық маркстік философия  
концепцияның әртүрлілігімен,  
полварианттылығымен сипатталады.

Ондағы көптеген ағымдар бір-біріне  
қарама-қарсы тұратын 2 бағытқа  
ажыратылады: сциентикалық және  
гуманистік.



**Сциентикалық бағыт** төмендегі концепциялармен көрсетілген: технократикалық детерминизм, историцизм, структурализм. Өкілдері- *Д. Лукач, Л.Альтюссер, М.Годелье, т.б.*

**Батыстық гуманистік бағыт** өкілдері- *Э.Пачи, К.Косик, А.Шафф, М.Маркович* және фрейдомарксизмшілдер- *Э.Фромм, Г.Маркузе, т.б.*  
Олар философтарды материалистер мен идеалистерге бөлуге қарсы тұрды.



A decorative vertical bar on the left side of the slide, featuring a gradient of colors from blue at the top to green at the bottom, with a blue triangle pointing right at the top. 

Назарларыңызға рахмет!